

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті. 9-сынып 8- бөлім-  
Биотехнология жаңалықтары 1-2-сабақ Тақырып:  
Биотехнология- болашақтың ғылымы**ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.01.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/66307/>

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті.

9-сынып

8- бөлім-Биотехнология жаңалықтары

1-2-сабақ Тақырып: Биотехнология- болашақтың ғылымы

Мұғалімнің аты-жөні: Картова Ә.Ш.

Күні:

Қатысқан оқушылар саны:

Қатыспаған оқушылар саны:

Сабақ негізделген оқу мақсаттары 9.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау; 9.5.1.2.жазба жұмыстарында (шартты бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру

Сабақтың критерийі

Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Тақырыптың аясында тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді,сұрақтарға жауап бере алады.

Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтай алады. мұғалімнің көмегімен жазба жұмыстарында (шартты бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастырып орынды қолдана алады.

Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтай алады; жазба жұмыстарында (шартты бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастырып , орынды қолдана алады.

Бағалау критерийлері -Тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.

-Тыңдаған мәтіннің мазмұнын тірек сөздер арқылы айтады.

-Ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтай алады.

-Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастырады.

Тілдік мақсат Жазба жұмыстарында (шартты бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру

Ресурстар Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.

Күтілетін нәтиже Білім ,біліктері толығып дамиды;

Тілдесуге үйренеді, сөздік қорлары молаяды;

Шығармашылық, патриоттық сезімдері оянады.

Әдіс-тәсілдер Ой шақыру.Достық шеңбері.Тыңда- Топтас -Ойлан- Бөліс. Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ҚБ, ойын,көрнекілік. Рефлексия.АКТ.

Пәнаралық байланыс қазақ тілі, биология

Алдыңғы оқу «Өмір бойы білім алу-ел дамудың тетігі»- пікірмен бөлісу

Сабақтың жоспары

Сабақ кезеңдері мен жоспарланған уақыт Сабақ барысы : Ресурстар

Ұйымдастыру кезеңі

Басталуы

5 минут Достық шеңберін құрып бір-бірімен амандасу,тілек айту.

Өткен сабақтың тапсырмасы «Ыстық орындық» ойыны арқылы тексеріледі.

Оқушыларды суреттер арқылы топтарға бөлу «Микробиологтар», «Дәрумендер» , «Антибиотиктер»

## II. Мағынаны тану

Ортасы

25 минут

### Мәтіналды жұмыс

1.«Ой шақыру» — Биотехнологияның қазіргі кезде адам өмірінде алатын орны туралы диаграмманы толыру-әр топ өз ойын дәлелдейді.ҚБ:Бас бармақ.

-Балалар бүгін сабағымыздың тақырыбы қандай,не жайлы,қалай ойлайсыңдар? (Биотехнология туралы)

-Ендеше сабақ мақсатымен,критерийлерімен танысып ,соларға жетуге тырысайық.

2. Сөздік қорды молайту жұмысы.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс.

сөз	Сөз табы	Мағынасына қарай синоним,антоним	сөйлем

оқушылар оқулықта берілген жаңа сөздерді кестеге сай толтырады.

Үлгерімі жақсы оқушылармен жұмыс.

Жаңа сөздермен шартты бағыныңқы құрмалас сөйлем құрастырып жазу.

Дескриптор:

- сөздерді орфоэпиялық нормаға сай дыбыстады;
- сөздерді орфографиялық ережені сақтап жазды;
- сөздердің сөз табын анықтайды;
- жаңа сөздердің мағынасын түсініп, орынды қолданды;
- құрмалас сөйлес құрап жазады

Қалыптастырушы бағалау: Оқушылар мадақтау арқылы бағалайы:«Жарайсыңдар !», «Бұдан жақсы істей аласыңдар » және тағы да басқа сөздермен мадақтау арқылы .

Мәтінмен жұмыс

3. «Тыңда- Топтас -Ойлан- Бөліс» әдісі бойынша мәтінмен жұмыс. Тыңдалым. Аудиомәтінді тыңдап сұрақтар әзірлеңдер,ұсынылған сұрақтарға жауап беріңдер.

1-топ- Биотехнология термині

2-топ-Биотехнология күнделікті өмірде

3-топ-Ұлттық биотехнология орталығы

Дескриптор

- Берілген тақырыбы бойынша ақпаратты анықтайды;
- сұрақтар әзірлейді;
- сұрақтарға жауап береді;
- ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтайды;

ҚБ.

Сергіту сәті- 3D тур — ЭКСПО-2017 көрмесіне экскурсия+музыка тыңдайды.

4.Оқылым. Әр топқа мәтіннің бір бөлігі беріледі.Бөлік бойынша тақырыбын,негізгі идеясын,тірек сөздерін анықтайды.

Дескриптор:

- бөлік бойынша тақырыбын анықтайды;
- негізгі идеясын айтады;
- тірек сөздерді анықтайды;
- ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтайды;

ҚБ: « Бас бармақ»

Мәтінсоңы жұмыс

Айтылым.8-тапсырма,31-бет

«Биотехнология-болашақтың ғылымы» деген пікірмен келісесің бе?-

«Микробиологтар»-келісемін деген пікір айтады,

«Антибиотиктер»- келіспеймін деген пікірмен бөліседі,

«Дәрумендер»- ортақ пікір білдіреді,бағалайды.1 шапалақ-орташа,2шапалақ-жақсы,3 шапалақ-үздік Суреттер.

Қазақ тілі мен әдебиеті.Бәйтерек.9-сынып

.Оқулық 2

28-31- бет.

Моноблок,  
Аудиомәтін

Астана ЭКСПО-2017. Ұлттық павильон. 3D тур  
ютуб;  
интербелсенді тақта.

Бағалау.

Аяқталуы  
Сабақты бекіту  
7 минут

Жазылым.9-тапсырма,31-бет.Шығу парағын толтыру .Сұрақтарға жазбаша жауап беру.

Рефлексия «Смайлик»- стикерлермен белгілеу

Әр топқа беріледі

3 минут

Үйге тапсырма: 31- бет., 7-тапсырма.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.